ҒТАМР 16.31.51

https://doi.org/10.48081/UKEQ5345

С. К. Омарова[1,6], Ж. М. Искакова[2,6], А. А. Орманова[3,6], Б. Ж. Абильмажинова[4], Ж. Қ. Ербатырова[5]

[1, 2, 3, 5]Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»
ұлттық ғылыми-практикалық орталығы,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;
[4]А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті,
Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.;
[6] Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0009-0819-0543
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0940-615X
[3]ORCID: https://orcid.org/0009-0007-5207-959X
[4]ORCID: https://orcid.org/.0000-0002-3594-8235
[5]ORCID: https://orcid.org/0009-0001-1111-2900
*e-mail: omarovask@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ КОРПУСТЫҚ ӘДІСІ

Мақалада «Қазақ тілі ұлттық корпусының бес кіші корпусы» (https://best.qazcorpora.kz/) базасындағы дерекқорларды қазақ тілін үйретуде пайдалану жолдары қазіргі цифрландыру заманының негізгі талаптары ретінде қарастырылады.

Корпустың бай тілдік ресурсын қазақ тілін үйретуде пайдаланудың өзектілігі сипатталады.

Әртүрлі типтегі және стильдегі мәтіндер дерекқорларын пайдалану негізінде тілді үйренуге және үйретуге мүмкіндік беретін лингводидактикалық әдіс түрлерінің бірі – корпустық әдістің функционалдық, дидактикалық артықшылықтары талданады.

Мақалада бұқаралық ақпарат құралдары (бұдан әрі БАҚ) тілінің материалдары, публицистикалық мәтіндерді корпустық әдістер негізінде қалай оқытуға болады деген мәселе ашылады.

Корпустық әдістің газет тіліндегі сөз, сөз тіркесі мен сөйлемдерді, мәтінді меңгертудегі тиімділігі және белгілі бір сөздің

түрлі тіркесімдік контексін көрсетіп беретін, негізгі, кілт сөздердің тематикалық тізімін жасап үйретудегі ерекшелігі дәлелденеді.

Сонымен қатар корпустық әдістің коллокацияны үйретудегі тиімділігі мен мүмкіндіктері ұсынылады. Цифрланған мәтіндерді дидактикалық мақсаттарда тиімді пайдалану жолдары, аутентикалық материалдардың тіл үйренушіге беретін жанама лингвомәдени ықпалы зерделенеді. Қазақ тіліндегі контексті оқу барысында тіл үйренушілердің лингвистикалық және мәдени түсініктерінің жақсаруы, қазақша ойлау дүниетанымының кеңеюі, коммуникативтік біліктері мен корпустық құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі сипатталады.

Қазақ тілін үйрету сабақтарында корпустық әдістерді тиімді қолдана алу бірталай әдістемелік мәселелерді шешудің бірден-бір ұтымды жағы ретінде қарастырылады.

Кілтті сөздер: корпустық әдіс, лингводидактика, сөз, коллокация, мәтін.

Кіріспе

Заман талаптары мен технология өзгерген сайын жиі жаңартулар мен жетілдірулерді қажет ететін, үнемі ізденісті талап ететін дидактикалық саланың бірі, ол – қазақ тілін үйрету әдістемесі. Осы орайда тілдің дамуына және тілді оқытып-үйретуге серпіліс беретін ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр, солардың бірі – қазақ тілінің ұлттық корпусы жобасы.

Ұлттық корпус – қазақ тілінің түрлі стильдерін қамтитын цифрландырылған мәтіндер жиынтығы ғана емес, бұл болашақта тілдің дамуына күшті серпіліс беретін, тілдік ресурсты зерттеуші-ғалымдар, оқытушылар мен тіл үйренушілерге, басқа да тұтынушыларға жаппай қолжетімді ететін ақпараттық-анықтамалық жүйе.

Ұлттық корпусты алдымен филологиялық нысан ретінде, лингвистикалық зерттеулер үшін пайдаланатын дереккөз ретінде қарастырса, оның лингводидактикалық аспектісі назардан тыс қалуда. Сондықтан корпус дерекқорларын қазақ тілін оқыту және үйрету үшін пайдалану жолдарын қазіргі цифрландыру заманының негізгі талаптары ретінде қарастырамыз.

Корпус базасындағы материалдарды қазақ тілін үйретуде қолдану жолдарын қарастыру – қазақ тілінің әдіснамасы мен әдістемесін жетілдірудің қадамдары. Бұндай қадамдар біздің еліміздегі өзектілігі жоғары мәселелердің бірі, яғни қазақ тілін үйрету әдістемесінің дамуына біршама үлес қосады деп ойлаймыз.

Қазіргі уақытта корпус материалдарының зерттеу жұмыстары мен әдістемедегі рөлі, тиімділігі жайлы мәселелер бірен-саран мақала

беттерінде көтеріліп жүр. Ал қазақ тілін оқыту үшін корпус материалдарын пайдаланудың әдістері толық ұсынылмаған, себебі корпус жасау мәселесі зерттеу объектісі ретінде кеш қолға алынып, тәжірибенің аздығы осындай олқылықтарды тудырды.

Қазақ тілі ұлттық корпусының бай тілдік ресурсын, яғни корпус дереккөздерін әдістемелік тұрғыдан пайдаланудың әдіс-тәсілдері зерделене қоймаған мәселе болғандықтан, зерттеу мақаламызда корпус мәтіндерін қандай мақсатта және қалай пайдаланамыз, корпустың аутентикалық материалдары тіл үйренушіге не береді, тіл үйретуде корпустық әдістердің тиімділігі қаншалықты деген сұрақтардың шешімдері ұсынылады. Сонымен қатар басқа шет елдердің корпус жасау тәжірибесі зерделеніп, осы бағыттағы маңызды ғылыми-теориялық пікірлер жүйеленеді.

Мақаламызда корпус мәтіндерін дидактикалық материал ретінде пайдаланудың түрлі жолдары ұсынылады. Сондықтан зерттеу еңбегімізде корпустық әдіс, аутентикалық материалдар, корпустық құзыреттіліктер деген негізгі ұғымдардың мазмұны ашылады.

Материалдар мен әдістері

Қазақ тілін үйретудің корпустық әдісіне қатысты ғылыми-теориялық бөлігі сипаттау, баяндау, салыстырмалы әдістер негізінде жазылды. Корпустық әдіске қатысты деректер ағылшын және орыс тілдерімен салыстырылды. Корпустық ресурстарды тіл үйретуде пайдалану жолдары түсіндірмелі әдіс арқылы баяндалды.

Зерттеу мақаласының практикалық бөлігінде «Қазақ тілі ұлттық корпусының бес кіші корпусынан» ұсынылған мәтіндер мен сөз тіркестерін корпустық әдіс арқылы меңгерту жолдарын түсіндіру үшін талдау, жинақтау әдістері қолданылды.

Корпустық әдістің мәтіндерді үйретудегі тиімділігі талдау, модельдеу, жоспарлау, ықшамдау әдістерімен талданса, сөздер мен сөз тіркестерінің көлемді мәтіндердегі коллокациялық ерекшеліктері синтаксистік әдіспен сипатталды. Бір сөздің бірнеше сөзбен түрлі байланысу формалары нақтылау, жіктеу, жалпылау сияқты теориялық әдістермен түсіндірілді.

Тілдің корпусын жасау мәселесіне ертерек көңіл бөліп, корпус жасаған елдердің бұл саладағы тәжірибесі мол болғандықтан, теориялық-практикалық зерттеу еңбектер көбінесе ағылшын және орыс тілдерінде кездеседі.

Шетелдің білім беру тәжірибесінде лингводидактикалық әдіс ретінде корпустық әдістің пайда болуына XX ғасырдың 60-жылдарында лингвистикалық мәтіндер корпусының жасалуы және корпустық лингвистиканың дербес ғылыми пән ретіндегі қалыптасуы негіз болды. Соның нәтижесінде білім беру тәжірибесінде корпустық әдіс қалыптасып,

оның негізгі үрдістері ғылымдағы корпустық лингвистика ерекшеліктерінің теориялық қағидаттарымен тығыз байланыста қарастырылды.

Алдымен, корпустық әдіс дегеніміз не деген сұраққа жауап берейік.

Корпустық әдіс – әртүрлі типтегі және стильдегі мәтіндер дерекқорларын пайдалану негізінде тілді үйренуге және үйретуге мүмкіндік беретін әдістің бір түрі.

Корпустық әдіс – қазақ тілді мәдениетке енуге және қазақ тілінің табиғаты, ойдың түзілуі, сөйлемнің құрылымдық ерекшеліктерімен шынайы танысуға және үйренуге мүмкіндік беретін әлеуметтік-қоғамдық, саяси, көркем, лингвомәдени танымдағы мәтіндерді талдаудың жаңа құралы.

Корпустық әдіс – тілді функционалды-жүйелі үйретуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс тілді қолданбалы тұрғыдан зерттеуге бағытталған, оның түрлі мәтіндер мен шынайы жағдаяттарда жұмсалуы қазақ тілін үйретуші үшін маңызды болып табылады. Әсіресе біздің елімізде жасалып жатқан корпус материалдарын қазақ тілінің лексикасы мен грамматикасын оқыту үшін кеңінен қолдануға болады, сондай-ақ қазақ тілінің фонетикалық аспектісін оқытуда да таптырмайтын әдіс.

Корпустық әдіс қазақ тілін үйретудің жалпы тиімділігін арттыра отырып, құнды ресурстар ұсынады. Шынайы тілдік материалдарды оқу негізінде қазақ тілінің нақты контексіне енеді, нәтижесінде лингвистикалық және мәдени түсінігі жақсарады.

Тілді үйретудегі корпустық әдістің мүмкіндіктері мен оның болашағы жайлы зерттеулер Ю. Бестген, Д. Бибер, М. Льюис, Д. Салазар, М. Скотт, С. Триббл, Н. Ханжиоглу, О. Г. Горина, И. Ю.Павловская, В. А.Плунгян, Е. П.Соснина, П. В. Сысоева, А. Ю.Филченко Н. Н.Шаламова және т.б. шетелдік ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Корпустық әдісті қолдану үшін корпустың механизмдері, белгілеу әдістері, іздеу принциптерімен алдын ала танысқан жөн.

Бұл ретте корпустық лингвистиканың негізгі құралдарының бірі, ол – конкорданс. Ол – контекстегі сөздердің барлық қолданыстарының тізімдері мен дереккөздеріне сілтеме көрсетіп тұратын құрал. Басқаша айтқанда, түрлі контексте қолданылатын сөйлем фрагменттерін таңдау арқылы корпустағы қажетті сөзді табуға мүмкіндік береді. Ол сөз семантикасының түрлі реңкілерін, оның лексикалық тіркесімділігін зерттеу тиімділігін арттырады.

Конкорданс – ізделетін сөздің тілдегі әртүрлі жағдайларда қолданылған тізімі. Көбінесе бұл тізімнің көлемі ауқымды болады, әсіресе корпус материалдары негізінде қарапайым деңгей үшін жаттығулар жасалатын болса, онда оқу материалы алдын ала өңдеуді талап етеді. Мөлшерден көп ұсынылатын оқу материалы тіл үйренушіге қиындық туғызуы мүмкін,

сол себепті ізделетін сөздің тізімін азайту немесе фильтірлеу және тілдік модельдердің қажетті дегендерін алдын ала іріктеп ұсыну маңызды [1].

Тіл үйренушілердің деңгейіне және тіл үйретушінің алдына қойылған дидактикалық мақсатына байланысты конкорданстарды іріктеу қажеттілігі туады. Бұны естен шығармаған абзал.

Корпус ресурстары:

– біріншіден, тілге диахрониялық және синхрониялық зерттеулер жүргізу үшін;

– білім беру процесінде оқушылардың лексика-грамматикалық дағдыларын қалыптастыру және дамыту үшін;

– тілді ана тілі, шет тілі, екінші тіл ретінде үйрету тәжірибесінде оқыту құралы ретінде пайдалану үшін қолданылады.

Қазіргі таңда шетелдің лингводидактикалық тәжірибесінде корпустық әдісті қолданудың екі негізгі үрдісі бар:

1 Лингвистикалық сөздіктер мен оқу материалдарын құрастыру мақсатында тілдік материалды таңдау принциптерінің түбегейлі өзгеруімен байланысты бағыт. Жиі қолданылатын тілдерді зерттеуге арналған оқу өнімдерін бірде бір баспагер корпус деректерінсіз шығара алмайды, бұндай үдеріс басылым мұқабаларында «corpus-informed» белгісі көрсетілген тілге арналған оқулықтардың жаңа стандартының қалыптасуына жол ашты.

2 Екінші бағыттың аясында корпустық әдісті ана тілі мен шет тілін үйрету процесінде қолданудың тиімді тәсілдері мен формаларын белсенді түрде іздестіру жүргізіліп жатыр [2; 3; 4].

«Корпус – тілді зерттеудің мықты құралы ғана емес, ол теориялық рефлексияның негізгі нысаны ретінде зерттеушіні мәтінге бағыттайтын жаңа идеология» [5, 14-б.] – деген В.А.Плунгян

Корпустық әдіс проблемалық оқыту әдісімен тығыз байланысты, өйткені тіл үйренушінің қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Тіл үйренушілер корпус материалдарын зерделеп, түсіну негізінде өздерін таныс емес лингвистикалық құбылыстарды «тұңғыш зерттеуші» ретінде сезінеді.

Қазіргі лингводидактика тұрғысынан корпустық әдістің артықшылығына:

– лингвистикалық және статистикалық көрнектілігі;

– іздеу мүмкіндіктерінің көптігі;

– тілдік деректермен жұмыс істеу тиімділігі жатады [6, 132-б.].

Бұл әдістің артықшылығын ғылымда санамалап айтып жатса да, қазақ тілін үйрету процесінде және отандық білім беру тәжірибесінде корпустық мәтіндермен жұмыс істеу сирек кездеседі. Оған білім беру процесінің әдістемелік жабдықталуының төмендігі (арнайы дайындалған лингводидактикалық материалдардың жоқтығы, интернет-қорларға шығу мүмкіндіктерінің болмауы және т.б.) себеп болуы мүмкін.

Қазақ тілін шет тілі немесе екінші тіл ретінде үйрету әдістемесінде негізгі мақсат шеттілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады.

Тіл үйретуші неғұрлым корпустың аутентикалық тіліне жүгінсе, соғұрлым оның сөйлеу тілі тілдік дағдыға айналған қолданыстарға (узус) сәйкес келеді [7]. Яғни тілді үйрену кезінде үлгіге айналған тілдік модельдермен жиі жұмыс істелсе, тілді меңгеру процесі де жылдам және сапалы болады. Өйткені тілдік корпус материалдары әртүрлі үлгіге айналған тілдік модельдерден (өрнектер) тұратын аутентикалық мәтіндер жиынтығынан тұрады.

Сонымен корпус мәтіндерін қалай пайдаланамыз? Оны қандай мақсатта пайдаланамыз, корпустың аутентикалық материалдары тіл үйренушіге не береді, әдістері қандай деген мәселе қазіргі таңда өзекті болып отыр.

Корпус мәтіндері бейтарап, ресми-іскери, публицистикалық, ғылыми-көпшілік, көркем мәтін, көркем әдебиет және т.б. стилдерімен ерекшеленеді.

Ең өзекті әлеуметтік-мәдени факторлар, ең алдымен, БАҚ мәтіндерінде көрініс табады.

Сондықтан мақалада БАҚ тілінің материалдары, яғни публицистикалық мәтіндерді корпустық әдістер негізінде қалай оқытуға болады деген мәселе ашылады.

Тим Джонс өзінің «Should you be persuaded: Two samples of data-driven learning materials. Classroom Concordancing» деп аталатын еңбегінде деректерге негізделген оқу материалын үйрету үшін тіл үйренушілердің келісімі негізінде индуктивті әдістің: сәйкестендіру (идентификация) – топтау (классификация) – қорытындылау (обобщение) тәсілдерін басшылыққа алады. Зерттеушінің ұсынысы бойынша, тіл үйренушілер, бірінші, өздері шешкісі келетін тіл мәселесін анықтайды. Екінші, олар тілдік ерекшеліктерді түсініп, оларды топтау үшін сәйкестікті бақылау арқылы мысалдарды зерделейді. Сөйтіп тілдік феноменнің жұмыс істеу ережесін өздері түсініп, қорытынды шығарады. Бұл дегеніміз тіл үйренушілер дайын ақпаратты тіл үйренушіден естімейді (мәселен, табыс септігінің мағынасы мен қызметі және т.б.), керісінше, сәйкестікті тану және бақылау арқылы деректер негізінде қорытынды шығарады. Олар сәйкестікті бақылау арқылы табыс септігінің немесе басқа да грамматикалық категориялардың жалғаулары мен оның грамматикалық мағыналарын анықтайды [8].

Тіл үйренушілердің нақты тілдік құбылысқа зейін қоюлары сәйкестікті тану не бақылаудың артықшылығы деп санаймыз. Олар тұтас сөйлемдерді оқып отырмайды, керісінше, мақсатты түрде ұқсас және бір-біріне сәйкес келетін тілдік құбылыстарды зерделейді.

Бұндай тәсілдер тіл үйренушілерді «жадыларында жаңа білімнің тұрақтануына оң ықпал етіп жатыр» деген ойға әкеледі [9, 15–36-бб.].

Алайда корпустың аутентикалық тілі жаңа үйреніп жатқандар үшін қызықсыз болып, кері мотивация тудыру мүмкін. Сондықтан корпус материалына негізделген жаттығуларды А1 деңгейі үшін бейімдеп, ақпарат көлемін азайтып, қағазға жазылған дайын тапсырмаларды берген дұрыс болады. Сол кезде ғана тіл үйренуші тез таңдау жасай алады. Ол компьютермен немесе қағаздағы тапсырмалармен жұмыс жасайтынын өзі шешеді. Бұл жердегі таңдау жасау, келісім беру тілді үйренудің негізгі элементі болуы керек. Бұндай тәсіл күні бүгінге дейін барлық зерттеулерде белсенді қолданылып келеді. Сондай-ақ тіл үйренушінің жеке жұмыс жасай білу және ойлау қабілетін дамытады.

Нәтижелер және талқылау

Корпус – ең алдымен, көптеген аутентикалық материалдар үлгілері ғана емес, ол оқытудың үш бағытында қолданылатын сала: оқу бағдарламларын әзірлеу, оқу материалдарын әзірлеу және дәрісханадағы сабақ.

Корпустың функционалдық мүмкіндіктерін жақсарту мақсатында оның құралдары үнемі өңделіп жататындықтан, соңғы нұсқасымен танысқан дұрыс.

Корпус материалдары бойынша барлық деңгейлерге арналған түрлі грамматикалық және лексикалық жаттығулар жасаудың, оны компьютері жоқ сыныптарда пайдаланудың өзі корпустық әдістің қолжетімді еместігін дәлелдейді. Сондықтан корпус жаттығуларының түрлерін: тікелей корпустық, жанама корпустық, корпустық емес деп жіктеп, белгілі бір символдармен белгілеп қоюға болады.

Біріншісі – практикалық жаттығулар корпус құралдарын қолдана отырып, корпуспен тікелей жұмыс істеуді қамтиды. Екіншісі – бос орындарды корпустағы жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерімен толтыруға арналған классикалық жаттығулар. Үшіншісі – корпус деректерімен байланысты емес қосымша жаттығулар.

Шет тілдерін үйрету әдістемесінде оқу материалдарын тіл үйренушіге белгілі бір тақырыптар аясында, яғни өмірмен немесе қоғамдық ортамен, сөйлеу жағдаятымен байланысты үйретудің әдістемесі бар. Бұл шетелдік әдістемеде де отандық әдістемеде де кеңінен қолданылады, өйткені тіл үйренуші сөйлеу тақырыбына сәйкес өз алдына мақсат қояды.

Осы корпустық әдіс негізінде қажетті мәтіндерді тақырып бойынша іздеп, қалаған мәтінді таңдау арқылы оқытуға болады. Бір тақырып аясында, бірақ әртүрлі мазмұндағы мәтіндермен жұмыс жасай отырып, тіл үйренушінің қазақша ойлау дүниетанымы кеңейеді, коммуникативтік білігі қалыптасады.

Корпустық әдістің тиімділігі Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы әзірлеп жатқан «Қазақ тілі ұлттық корпусының бес кіші корпусы» базасындағы мәтіндер негізінде ұсынылады. Корпустағы публицистикалық мәтіндер «Ана тілі», «Егемен Қазақстан», «Заң», «Түркістан», «Қазақ әдебиеті», «Айқын», «Астана ақшамы», «Жас Алаш» газеттері мен «Ақиқат» журналы және тағы басқа басылымдардан алынған. Базадағы мәтіндер жанры да әртүрлі (өмірбаян, сұқбат, рестроспективалық сұқбат, күнделік, тұрмыстық, әңгіме, пікір, жаңалық, оқиға, дастан, мемуар, естелік, эссе, үндеу, очерк, толғау, ақпараттық хабарлама, анонс, баяндама, және т.б.).

Тұтынушылар корпусты электронды пішінге келтірілген лингвистикалық мәтіндер жинағы деп түсінеді де, түрлі жолмен жасалған сөздің тұтастығын, оның грамматикалық және лексикалық элементтерін іздеп, ауызша немесе жазбаша табиғи мәтіндермен, арнайы таңдалған үзінділермен жұмыс істеуге бейімделеді.

Ғылымда мәтінге берілген анықтамалар алуан түрлі. Мәтін – тіл мен сөйлеудің ең үлкен тілдік және дидактикалық бірлігі. Ол сөйлеу әрекеті және тіл жүйесінің бірлігі ретінде танылады. Ол психолингвистикалық құбылыстың тұтас кешені тәріздес, уәж (мотив), мақсат, сыртқы жағдаяттың шарты, индивидтің жеке ерекшелігі, оның сөйлеу білігі және тілдік білімдерден тұратын тіл туындысы ретінде танылады және өзіндік сипатқа ие болады. Алайда бізді мәтіннің психолингвистикалық құбылыс ретінде пайда болуы емес, оның вербальды қыры қызықтырады. Ол дегеніміз мәтіннің құрамындағы сөздер мен сөз тіркестері, сөйлемдері, байланыс формалары, грамматикалық сипаты және т.б.

Әдістемелік тұрғыдан мәтіндер түрлі қысқартуларға ұшырайтын «үйретуге арналмаған» (аутентикалық) және «үйретуге арналған» болып бөлінеді, (соңғысы, тіл үйренушінің тілдік дайындығына байланысты құрылымы мен мазмұнын бейімдеуді, жеңілдетуді көздейді) [10].

А. Р. Арутюновтың тұжырымы бойынша, үйретуге арналған мәтін «таңбалық қызметке ие және тіл үйрену коммуникациясы мақсатында жұмсалатын тіл мәдениетінің кез келген фактісі» болып саналады [11, 76-б.].

А. А. Леонтевтің айтуынша, «мәтіннің екі қыры болады, біріншісі – оны жасаушы, екіншісі – қабылдаушы» [12].

Қазіргі тіл білімі мәтінді тұлғаның жасаушы және тұлғаға бағытталған өнім ретінде қарастырады: «мәтінді тану әрекеті болмаса, ол өледі» [13].

Мәтін лингвистикасы тіл білімінің арнайы саласы болып табылатын лингвоәдістеменің, атап айтқанда, әдістеменің ерекше бағыты – тілді дамытудың коммуникативтік әдістемесінің пайда болуына жол ашты.

Оның негізгі ұғымы – мәтін, ал мәтін – тілді ана тілі және шет тілі ретінде үйренушілердің ауызша және жазбаша тілдерін жетілдіретін, дамытатын негізгі тілдік бірлік болып саналады.

Мәтінді әдістемелік мақсатта пайдалану тіл үйренушілердің даму процесін тиімді ұйымдастыру мен сөйлеу тілінің жетілуін қамтамасыз етеді.

Синтаксистік бірліктерді коммуникативтік тұрғыдан үйрету сөйлетуге арналған материалдарды дұрыс таңдауды талап етеді. Егерде қарапайым деңгейлерде таныс және таныс емес қолданыстарды есепке ала отырып, күрделі ұғымдарды өлшеп беретін оқу мәтіндері пайдаланылса, келесі тілдік деңгейлерде мәтіннің түпнұсқасы, аутентикалық жазбаша мәтіндер ұсынылады (газет, публицистикалық, ресми, ғылыми, көркем).

Мәтінді оқытудың және мәтін мазмұнын түсінудің екі түрлі тәсілі бар: біріншісі – классикалық, ол – «мәтінді мұқият оқып шығып, мазмұнға қатысты сұрақтарға жауап беру, оның тақырыбы мен негізгі идеясын табу, мәтіндегі таныс емес сөздерге талдау жасау, мәтінге тақырып беру» деген тапсырмалар.

Екіншісі – озық тәсілдерге жатады, оны «үдемелі тәсіл» деп те атауға болады. Ол мәтін мазмұнындағы мәселеге көңіл аударуға, логикалық ойлауға, мәтіннің бөліктеріне назар аударуға және құрылымын тануға, ондағы маңызды немесе маңызды емес ақпаратты табуға, оқығанын өзінің өмірлік тәжірибесімен сәйкестендіруге дағдыландырады.

Корпустағы мәтіндер көлемі әртүрлі, мазмұны жағынан жеңіл және күрделі болады. Көлемі үлкен, яғни мәтіндегі сөздің көптігі мәтінді күрделі деп санаудың шарты емес. Мәтіннің семантикалық және құрылымдық ерекшеліктерін анықтау мақсатында алдымен әртүрлі типтегі мәтіндерді бақылау, танысып оқу қажет.

Тілді үйрету процесін бірнеше деңгейге бөлу тіл үйренушінің сөйлеу тілін тиімді дамытудың әдістемесі болып саналады. Сондықтан мәтіндерді де тілдік деңгейлерге бөліп оқытудың әдістемесін жасау – күн тәртібінен түспеген мәселе.

Мәтінді А1 немесе А2 деңгейлерінде меңгерту тәсілдері төмендегідей:

1 Корпус базасындағы мәтінді таңдап алғаннан кейін оның жалпы мазмұны жөнінде мәлімет алу үшін мәтіннің тақырыбымен, яғни атауымен жұмыс істету қазақ тілі әдістемесіндегі негізгі тапсырмалардың бірі. Тақырып мәтінді түсінуге негіз болады, идеясын түсінуге жол ашады.

Сондықтан корпустағы мәтінді таңдаған соң:

– тіл үйренушілердің назарларын тақырыпқа аударту, тақырыпты оқыту;

– тақырып арқылы «автор нені айтқысы келді, идеясы қандай» деген сауалдарға жауап сұрау;

– мәтін тақырыбы бойынша тілді үйренушілердің өз болжамдарын, пікірлерін тыңдау.

– тақырыптың мазмұнын, грамматикалық құрылымын талдау.

2 Мәтін көлемін қысқарту, бірақ оның негізгі мазмұны сақталуы керек. Қажет емес сөздер мен сөйлемдерді сызып тастауға немесе алып тастауға болады.

3 Деңгейлер үшін күрделі болатын сөз тіркестерін, күрделі етістіктерді жеңіл синонимдік нұсқаларымен алмастыруға болады.

4 Аударма сөздіктері немесе түсіндірме сөздігі арқылы таныс емес сөздермен жұмыс жасау. Алдымен таныс сөздерді талдау, соңынан таныс емес сөздермен жұмыс істеу тиімді. Таныс және таныс емес сөздермен жұмыс істеу мәтін мазмұнын жақсы есте сақтату үшін тірек ретінде қолданылады.

5 Мәтінді құраушы негізгі сөздердің тізімін жасау, соңынан бұл сөздерді мазмұндау үшін пайдалануға болады. Негізгі сөздерге оқиға мерзімі, кеңістігі, ерекше сөз тіркестері, метафоралар, суреттер, формулалар, сызбалар және т.б. болуы мүмкін. Бұл қолданыстарды мәтіннің бөлшектері (детальдары) деп атаймыз. Мәтіндегі осындай қолданыстарға назар қою, талдау жасау тілді меңгерту үшін тиімді.

6 Мәтіндегі адам есімдері метал, тас, гүл, мата, жануарлар және т.б. атаулар талдау нысаны бола алады. Бұл тілді үйретудің А1 деңгейінде лексикалық қор жинауға мүмкіндік береді.

7 Мәтіндегі сөздер құрамында бір және екі буынды немесе жиі қолданылатын сөздер, сондай-ақ олар мәтінде бірнеше рет қайталанып қолданылса, тіл үйренушіге мәтін мазмұнын түсіну жеңілдеу болады. Екі немесе үш рет қайталанған лексика тіл үйренуші есінде тез сақталып қалады.

8 Тіл үйренушінің лингвомәдени құзыретін қалыптастыру мақсатында аутентикалық материалдағы лингвомәдени бірліктерге талдау жасатып үйрету аса маңызды. Бұл қазақ тілін үйретудің басты мақсаты болуы керек. Орындату жолы екі деңгейден тұрады: а) лингвомәдени бірліктерге талдау жасау алғашқы деңгейде тіл үйретушінің жетекшілігімен жүзеге асырылады. Тіл үйретуші мәтіндегі мәдени мәнге ие сөздерді аудиторияға ұсынып, сөздердің мәдени мәртебесін түрлі сөздіктердің көмегімен, ассоциация әдісімен және т.б. жолдармен анықтауды үйретеді, тіл үйренушілердің дағдыларын қалыптастырады; ә) екінші деңгейде лингвомәдени бірліктерге талдау жасау тапсырмасын тіл үйренушілердің өздері орындайды.

9 Мәтіндерді меңгерту тәсілдері:

– мәтіндерді азатжолдарға бөлу;

– жеке азатжолдарды оқып шығу;

– әрбір азатжолдың мазмұнындағы негізгі ойды анықтау;

– негізгі ойды басшылыққа ала отырып, мәтін жоспарын құру;

– мәтінді толық оқып шығу;
– мәтінді оқу арқылы автордың ойын анықтау;
– мәтін мазмұнын талдау;
– модель немесе нақты үлгі бойынша мәтін құрастыру;
– белгілі бір тақырыпқа өз мәтіндерін құрастыру;
– мәтіннің ықшамдалған үлгісін беру;
– мәтіндегі лингвомәдени бірлікке талдау жасау, ауызша не жазбаша түсіндіру.

Корпустың публицистикалық мәтіндер базасындағы «Жәутіков олимпиадасының жүлдегерлері»мәтінін талдау үлгісі

І. Мәтіндерді азатжолдарға бөлу.

1-азатжол

Жуырда Алматыда Халықаралық Жәутіков олимпиадасы өтті. Физика, математика, информатика пәндерін қамтитын халықаралық байқау жылдан-жылға тартысты, әрі қызықты болуда. Ең алғаш 2005 жылы 5 мемлекет бақ сынаса, биыл оның саны жиырмадан асты. Тіпті, мұхит асып АҚШ-тан келген қатысушылар бар. Жалпы командалар саны 80-ге жетіп, 540 жас талапкер байқау көркін кіргізді.

2-азатжол

Жәутіков олимпиадасының ерекшелігі тапсырмалар мазмұны жылдан-жылға күрделеніп отырады. Осы ретте қатысушыларға қойылатын талап та жоғары.

3-азатжол

Биылғы бас жүлдені ресейлік оқушылар иемденді. Жастар жылы қарсаңында 100-ден астам ерікті Қазақстанның халықаралық байқауының жоғары деңгейде өтуіне атсалысты. Қазақстан құрамасында жүлделі болған Данияр Закарин: «Биылғы Байқау өте тартысты өтті. Бағдарламалаумен 7-сыныптан бастап айналыссам да, 8-9 сыныптарда толықтай бет бұрдым. Осы олимпиададан алған жүлдем емес, мықты қарсыластармен бақталасып, білім-тәжірибе алмасқаным болашағым үшін маңызды», – деді.

4-азатжол

Олимпиаданың барлық кезеңі аяқталғаннан кейін командалар Алматының көрікті, мәдени мекендерін аралауға мүмкіндік алды. Бір аптаға созылған байқау мемлекеттер арасындағы достықты нығайтып, жастардың дамуына үлкен серпін берді.

(144 сөз)

ІІ. Әрбір азатжолды оқып шығу.

III. Әрбір азатжолдың мазмұнындағы негізгі ойды анықтау.

1 Халықаралық байқауға жиырмадан астам мемлекет қатысты.

2 Тапсырмалары жылдан-жылға күрделеніп, өзгеріп отырады.

3 Қарсыластар өзара бақ сынасып, тәжірибе алмасты.

4 Олимпиаданың соңы мәдени демалысқа ұласып, мемлекетаралық достық нығайды.

IV. Негізгі ойды басшылыққа ала отырып, мәтін жоспарын құру.

1 Байқауға қатысушылар құрамы

2 Олимпиаданың ерекшелігі

3 Байқау нәтижесі

4 Мәдени демалыс және өзара ынтымақтастық.

V Мәтінді толық оқып шығу.

VI Мәтінді оқу арқылы автордың ойын анықтау.

Автор жыл сайын Алматыда өтетін Халықаралық Жәутіков олимпиадасының жастар үшін маңыздылығы, оның нәтижесі туралы жазған.

VII. Мәтін мазмұнын талдау.

Мәтін мазмұнын талдау үшін тіл үйренуші мәтінді мазмұндап шығады немесе нақты тапсырманы орындайды. Мәселен, толық мәтінді емес, өзі таңдаған азатжолға ғана талдау жасайды. Екінші тәсілі – кейбір сөйлемдердің мазмұнын ғана талдайды.

VIII. Модель немесе нақты үлгі бойынша мәтін құрастыру.

Бұл – мәтінге қарама-қарсы әдіс. Алдымен мәтіннің үлгісі немесе жоспары беріледі. Екінші, кілт сөздер де мәтіннің моделін жасауға негіз болады.

– IV пункте ұсынылған жоспар бойынша.

– Кілт сөздер: халықаралық олимпиада, ерекшелігі, жүлделі орындар, демалыс, достық

IX. Белгілі бір тақырыпқа өз мәтіндерін құрастыру. Тіл үйретуші тарапынан корпус базасынан түрлі тақырып ұсынылады. Оның саны 10-15 болғаны және тіл үйренушінің жас ерекшелігіне сәйкес болуы, сонымен қатар қызықты болғаны дұрыс.

Тіл үйренушілер қазақ тілін үйрену барысында «нені айтамын» немесе «не туралы айтамын» және «қалай айтамын» деген жоспарды ойында ұстайды. Сондықтан ойын, пікірін жеткізуге арналған түрлі синтаксистік құрылымдарды құрастыра білу дағдысы мен білігін қалыптастырудың мақсаты – сөйлем мен сөз тіркесіндегі сөздердің синтаксистік байланысу түрлері туралы теориялық білімдерін практикалық біліктерімен ұштастыра алуға машықтандыру.

X. Мәтіннің ықшамдалған үлгісін беру.

Алматыда Жәутіков олимпиадасы өтті. Физика, математика, информатика пәндерінің байқауы жыл сайын қызықты өтеді. 2005 жылы 5 мемлекет қатысса, биыл жиырмадан асты. АҚШ-тан да келді. Командалар 80-ге жетіп, 540 жас талапкер сыналды.

Олимпиаданың тапсырмалары мен талаптары жылдан-жылға күрделенеді.

Бас жүлдені ресейлік оқушылар иемденді. Жастар жылы 100-ден астам ерікті байқаудың сапалы өтуіне көмектесті. Қазақстанның жүлдегері Д.Закарин: «Байқау өте тартысты өтті. Бағдарламалаумен 7-сыныптан айналыссам да, 8-9 сыныпта толық үйрендім. Мен үшін жүлделі орын емес, қарсыластармен бақталасып, тәжірибе алмасқан маңызды», – деді.

Олимпиаданың соңында командалар Алматының көрікті, мәдени мекендерін аралады. Бір апталық байқау мемлекеттердің достығын нығайтып, жастардың дамуына жол ашты.

(96 сөз)

XI. Мәтіндегі лингвомәдени бірлікке талдау жасау, ауызша не жазбаша түсіндіру.

Тілді үйрету барысында тілдің өмір сүруінің бастапқы құралы ретіндегі феномендік табиғаты, яғни коммуникация құралы ретіндегі қызметімен қатар оның белгілі бір тарихи дәуірдің өнімі, мәдениеттің формасы, белгілі бір әлеуметтік-мәдени дәстүрлердің бейнесі ретіндегі қызметіне де тіл үйренушінің назарын аударту аса маңызды. Өйткені тіл үйрету белгілі бір халықтың ділі, тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрімен байланысты ерекшеліктерге ие. Тіл – тек қатынас құралы емес, ол – мәдениет айнасы.

Ойымызды нақтылайтын болсақ, тіл үйренуші қазақ тілінің әрбір сөзі мен сөз тіркесі, сөйлемі мен мәтінінен тілдік білім алып қана қоймайды, қазақ халқының тұрмыс-мәдениеті, салт-дәстүрі, тарихи-әлеуметтік болмысы, құндылықтары мен дүниетанымынан да білім алады. Бұл үдерісті лингвомәдени бірліктердің жанама ықпал етуі деп түсінеміз. Тіл бірліктерін меңгеру деңгейі артқан сайын лингвомәдени білімі де арта түседі.

Жоғарыдағы пікірлерге дәлел ретінде мәтіндегі «Жәутіков олимпиадасы», «Жастар жылы», «көрікті, мәдени мекендер» деген тілдік бірліктерді меңгерту және талдату арқылы тіл үйренушілерге қазақ халқының ұлттық танымынан, тәрбиесінен, мәдениетінен ақпарат беріп, мәдени түсініктерін дамытуға болады. Мәселен, бірінші, «Жәутіков олимпиадасы» деген атау ұлттық танаммен байланысты. Бұл олимпиада қазақтың атақты математигі, академик Асқар Жәутіковтің құрметіне аталған. Қазақ халқының ғалымды дәріптеу дәстүрі, білім мен ғылымға көзқарасы көрінеді. Мәдени контексте есім (антропонимия) мәдениетімен көрінетін лингвомәдени бірлік ретінде

танылады. Ал, екінші, «Жастар жылы» деген контекст – Қазақстанда 2019 жылы жарияланған жастар жылымен байланысты атау. Бұл заманауи мәдени атауда мемлекеттің жастар саясатына, ұрпақ білімі мен тәрбиесіне ерекше мән берілетін мемлекеттік бағдар көрінеді. Үшінші, «көрікті, мәдени мекендер» деген қолданыс – мәдениетпен танысу, сұлулықты бағалау және т.б. эстетикалық танымммен байланысты ұғымдар.

Мәтіндегі лингвомәдени бірліктерді анықтай алу, ауызша не жазбаша түрде түсіндіру құзыретін біртіндеп қалыптастыру, тіл үйренуші тілінің жетілуіне, қазақша ойлай бастауына, өз мәдениеті (тіл үйренуші өзге ұлт өкілі болған жағдайда) мен қазақ халқының мәдениетін салыстыра бастауға негіз болады. Тіл үйренуші қазақ сөзінің түбінде жатқан мәдени кодты тани бастайды, коммуникация үлгісіне, қазақша ойлауға үйренеді. Оның жадында лингвомәдени білім біртіндеп сақтала береді.

Мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, ауыспалы қолданыстарды оқып-үйрену тіл үйренушінің дүниетанымын кеңейтеді. Тілді мақсат қойып үйрену лингвомәдени трансформацияға жол ашады.

Қазіргі корпустар ғалымдардың түрлі лингвистикалық міндеттерін шешуге бағытталған сұраныстарын қанағаттандыратын көп технологияны ұсынады. Осы корпустық әдістермен жекелеген тіл бірліктерін нақты талдап қана қоймайсың, тіл жүйесіне қатысты жалпы заңдылықтарды да анықтауға болады. Сонымен қатар корпустық әдістер лексикалық тіркесімділікті де зерттеу үшін тиімді.

Кез келген тілді үйрену, ол – сөздерді механикалық түрде есте сақтау ғана емес, тіл – ол ең алдымен сөздердің тіркесі. Британ лингвисті Sinclair [14] айтуынша, адам сөз тіркестерінен тұратын шаблондармен ойлайды және белгілі бір тілдік ортада қолданысқа қабылданған осындай дұрыс модельдерді білу коммуникацияның маңызды факторы болып саналады.

Мәтіндер корпусының негізгі мақсаттарының бірі – тілдегі сөздер мен сөз тіркестерінің көлемді, үлкен мәтіндерде қалай жұмыс істейтінін көрсетеді. Мәтінмен танысу арқылы бір сөздің бірнеше сөзбен түрлі байланысу формалары арқылы тіркесуін анықтаймыз. Кез келген сөйлемдерді құрастырудың негізі – сөздердің синтаксистік байланысын меңгерту.

Бұл орайда тіл біліміндегі коллакация терминінің орны ерекше. Коллокация дегеніміз екі немесе одан да көп сөздердің жиі тіркесімінен жасалған комбинациялар. Зерттеу еңбектерінде бұл терминге берілген түрлі анықтамаларды кездестіреміз. Ал «коллокация – статистикалық тұрақты тіркестер, олар фразеологиялық та еркін тіркестер де болуы мүмкін» деген анықтама корпустық лингвистикаға қатысты беріледі. Коллокацияның маңызы мен қажеттілігін зерттеу кездейсоқ емес. Олар барлық тілде кездеседі, тілдің негізгі ерекшелігін көрсетеді, құрамындағы

сөздердің мағынасын нақтылайды, коллокациядағы сөздердің тіркесу жолдары тілді қолданушының барлығына негіз болады, коллокация кілт сөздің тіркесімділік қабілетін, жиілігін көрсетеді [15, 137–138-бб.]. Мәселен, сот жүйесі, әзірленген сот жүйелері, мамандандырылған сот алқасы, жоғарғы сотта, сотта ұсынылады, қазіргі сот алқасы, облыстық соттар, сот төрағасы, елдің сот органына, сот төрелігінің сапасын, бүкіл сот жүйесіне, сот практикасының және т.б. Бұл қолданыстардан «сот» сөзінің еркін сөз тіркесін жасайтын қабілетін байқауға болады.

Коллокацияны корпустық әдіспен үйрету ол тіл үйренушілердің сөздік қорларын жетілдіріп қана қоймайды, ол жиі қолданылатын тұрақты сөз тіркестерімен танысуға да мүмкіндіктер береді.

Полиглоттар жеке сөздерді емес, әсіресе коллокацияларды үйренуге кеңес береді.

Тілді үйрету процесінде сөз бен сөзді тіркестіріп үйретуге дағдыландыру аса маңызды. Сөздерді тіркестіре алу – сөйлеу мен жауап берудің алғашқы қадамы, сөйлемнің негізі. Сондықтан корпустық әдіс белгілі бір сөздің түрлі тіркесімдік контексін көрсетіп береді. Бұл тіл үйренушінің сөздік қорын дамытуға және еркін сөз тіркестерімен қатар күрделі сөз тіркестерін де меңгеруге мүмкіндік береді. Мәселен, осы «Қазақ тілі ұлттық корпусы кіші корпусында» (https://best.qazcorpora.kz) «Оқу» сөзінің басқа сөздермен 2984 контекстік қолданысы кездеседі. Осының кейбіреулеріне тоқталып кетсек, мысалы: жоғары оқу орны, арнайы оқу орны, оқу залы, оқу құралы, оқу ордасы, оқу мәдениеті, оқу зейіні, оқу материалы, оқу әрекеттері, оқу сапасы, оқу міндеті, оқу нысаны, оқу ісінің меңгерушісі, оқу-ағарту министрі; шығарманы оқу, кітап оқу, күні-түні оқу, қашықтан оқу; оқу бітірген соң, оқу басталды; әдебиеттік оқу, пайымдап оқу, талдап оқу, мақамдап оқу, ғибратшылдық оқу, ағылшынша оқу және үшін, арқылы (оқу үшін, оқу арқылы) септеулік шылауы мен керек, мүмкін емес модаль сөздермен жиі қолданылады (оқу керек, оқу мүмкін емес).

Оқу сөзінің қазақ тілінде зат есім, етістік қызметінде жұмсалатынын және түрлі сөздермен еркін тіркесін осы корпус материалын пайдалану арқылы үйренуге болады. Осындай негізгі, кілт сөздердің тематикалық тізімін жасап үйретуде корпустық әдіс маңызды рөл атқарады.

Демек «оқу» сөзі тәріздес қазақ тілінің басқа да толық лексикалық мағынаға ие сөздері мен дербес қолданыла алмайтын көмекші сөздерін тіркесімділік тұрғыдан үйретуге болады.

Сөз тіркестерін есімді және етістікті сөз тіркестері деп бөліп үйрету де тиімді. Тіл үйренушінің қазақ тілінің сөз тіркесімділігін жүйелі түрде меңгеруіне мүмкіндік береді. Сөйлем құрамындағы қабыса байланысқан, матаса байланысқан, меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері мен басқа

да синтаксистік формада байланысқан сөз тіркестерінің лингвистикалық табиғатын түсінуге жол ашады. Мәселен: 1) халықаралық ұйымдар, психологиялық кеңес, нақты ақпарат, заманауи ақпарат, коммуникациялық өнімдер, ұлттық сарапшылар, мемлекеттік органдар, жаңа функциялар, мемлекеттік қызметшілер, депутаттық сауал, қомақты үлес, қаншама азамат, қиын кезең, туған жер, заманауи құралдар; 2) таулардың басы, қазақ күресі, мешіттің құрылысы, термешілердің байқауы, ақындар айтысы, мектеп оқушылары; 3) көмекке зәру, ауылымызға салу, барреліне 48 доллар және т.б.

Сонымен цифрланған ауқымды ақпараттық-анықтамалық жүйеге негізделген ұлттық корпус дерекқорының қазақ тілін теориялық және практикалық тұрғыдан оқытып-үйретуде маңызы зор. Осындай ақпараттық технология ретіндегі корпустық әдіспен әрі қарай сөйлем түрлерін, түрлі синтаксистік қатынасқа құрылатын жай және құрмалас сөйлемдерді үйретуге болады.

Ақпараттық технологиялар студенттер мен мұғалімдерге жаңа мүмкіндіктер ұсына отырып, білім беру жүйесін түрлендіруде маңызды рөл атқарады: ол қолжетімділігімен, икемділігімен ерекшеленеді және жеке білім беру мен оның сапасын арттыруға ықпал етеді [16].

Қазіргі таңда корпустың оқыту әлеуетінің артықшылығына баса назар аударылып, корпус технологияларын кәсіби-лингвистикалық модульдерге енгізу мәселесі қарастырылуда [17].

Корпустар – үлкен мәтіндік цифрлы база болғандықтан, нақты тілдік бірліктердің (сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін және т.б.) үлгілерін корпустық әдіспен үйретудің мүмкіндігі мол және тиімді деп санаймыз.

Қорытынды

Осы ғылыми-әдістемелік зерттеуде «Қазақ тілі ұлттық корпусының бес кіші корпусының» (https://best.qazcorpora.kz/) әлеуетін қазақ тілін үйрету үдерісінде пайдалану қадамы жасалды. Зерттеу жұмысында цифрланған көлемді ақпараттық-анықтамалық жүйедегі БАҚ мәтіндерін корпустық әдістермен меңгертудің тиімділігі қарастырылды. Мәтіндер мен коллокациялық қолданыстарды корпустық әдістермен меңгерту мақаланың ғылыми жаңалығын айғақтайды.

Қазақ тілінің табиғи контексін бейнелейтін БАҚ мәтіндерінің қазіргі заманғы сөз қоры мен тіл заңдылықтарын меңгеруге беретін мүмкіндіктері баяндалды. Корпустық әдістермен жүйелі түрде жұмыс істеудің нәтижесінде публицистикалық мәтіндердің тіл үйренушіге беретін жанама мәдени-танымдық ықпалы (ұлттық болмысқа, мәдени контекске ену әрекеті) түсіндірілді, әдістері баяндалды.

БАҚ мәтіндері – қазақ халқының дүниетанымы, мәдени ұғымдары мен түсініктері, құндылықтарының көрінісі. Цифрланған мәтіндер қазақ тілін үйретудің құралы ғана емес, мәдениетпен тікелей танысу жолы. Корпустық әдістер – тілдің грамматикасын, орфографиялық жүйесін ғана меңгерту жолдары емес, тілді қолданушы халықтың болмысын, ойлау жүйесі мен мәдениетін бірге меңгертетін әдістердің бірі. Бұл ерекшелік те мақаланың ғылыми-әдістемелік жаңалығы болады.

Корпустық әдістер болашақта тілді үйренудің жоғары деңгейінде белгілі бір сөздердің лексикалық мағына ерекшелігін көрсететін ұжымдық мәтіндер корпусын жасауға жол ашады.

Корпус базасын тілді үйренудің қарапайым деңгейінен бастап жоғары деңгейлеріне дейін оқу құралы, оқу сөздігі ретінде қолдануға болады. Өйткені қажетті тілдік материалды жылдам іздеп табу мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар шетелдің тәжірибесінен үлгі алып, «corpus-informed» арнайы белгісімен жаңа стандартты қазақ тіліне арналған оқулықтар жазу үрдісін қалыптастыру – болашақтың жұмысы. Біздің елде бұндай үрдіс әлі күнге дейін қолға алынбаған. Сондықтан базадағы анықтауыштық, пысықтауыштық, толықтауыштық қатынастарға негізделген сөз тіркестерін, жай сөйлем түрлерін, құрмалас сөйлемдерді меңгертудегі корпустық әдістің тиімділігі мен мүмкіндіктері туралы зерттеулер болашақтағы ғылыми жұмыстардың тақырыбына арқау болады деп ойлаймыз.

Қаржыландыру ақпараы

Бұл зерттеу жұмысы «Қазақ тілін және технологиялық прогресті қолдау үшін үлкен тілдік модельді (LLM) құру» (ИРН: BR24993001) жобасы аясында орындалды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Фрейдсон, О. А., Верезубова, Е. Е.** Корпусные методы в исследованиях и изучении-преподавании французского языка [Текст] // Litera. – 2023. – № 2. – С. 22–33.

2 **Lewis, M.** Implementing the lexical approach : Putting theory into practice [Text]. – Boston, Mass. : Thomson-Heinle, 1997. – P. 221.

3 **Salazar, D.** Lexical Bundles in Native and Non-native Scientific Writing: Applying a corpus based study to language teaching [Text]. Amsterdam, Phil. : John Benjamins Publishing Company, 2019 – P. 212.

4 **Scott, M., Tribble C.** Textual Patterns: key words and corpus analysis in language education : Studies in Corpus Linguistics [Text]. Amsterdam, Philadelphia : John Benjamins, 2016. – P. 200.

5 **Плунгян, В. А.** Корпус как инструмент и как идеология : о некоторых уроках современной корпусной лингвистики [Текст] // Русский язык в научном освещении. – 2008. – № 2 (16). – С. 7–20.

6 **Плунгян, В. А.** Почему современная лингвистика должна быть лингвистикой корпусов [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://filolingvia.com/publ/pochemu_sovremennaja_lingvistika_dolzhna_byt_lingvistikoj_korpusov/70-1-0-5251 (дата обращения 16.09.2021).

7 **Auzéau, F., Abiab, L.** Le corpus : un outil inductif pour l'enseignement-apprentissage de la grammaire [Text] // Synergies France. – 2018. – No. 12. – P. 175–187.

8 **Johns, T.** Should you be persuaded : Two samples of data-driven learning materials [Text] // Classroom Concordancing : ELR Journal. – 1991. – Vol. 4. – P. 1-16.

9 **Bernardini, S.** Corpora in the classroom : An overview and some reflections on future developments [Text] // In Sinclair, J. McH. (Ed.) How to Use Corpora in Language Teaching. – Amsterdam, Phil. : John Benjamins Publishing Company, 2004. – P. 307.

10 **Азимов, Э. Г., Щукин, А. Н.** Словарь методических терминов : Теория и практика преподавания языков [Текст]. СПб. : Златоуст, 1999. – 472 с.

11 **Арутюнов, А. Р.** Теория и практика создания учебника русского языка для иностранцев [Текст]. – М. : Рус. яз., 1990. – 166 с.

12 **Леонтьев, А. А.** Язык, речь, речевая деятельность [Текст]. – М. : Просвещение, 1969. – 168 с.

13 **Тураева, З. Я.** Лингвистика текста [Текст]. – М. : Просвещение, 1986. – 126 с.

14 **Sinclair, J.** The search for units of meaning [Text] // Textus. – 1996. – No. 9 (1). – P. 75–106.

15 **Захаров, В. П., Хохлова, М. В.** Анализ эффективности статистических методов выявления коллокаций в текстах на русском языке [Текст] // Компьютерная лингвистика и интеллектуальные технологии. – М. : РГГУ, 2010. – Вып. 9 (16). – С. 137–142.

16 **Темиргалиева, С. Е., Усина, Ж. А., Сайтбеков, Н. Д., Салиева, А. Ж., Айгужинова, Г. З.** IT в образовании : инновации, которые меняют учебный процесс [Текст] // Вестник Торайгыров университета, Серия Педагогическая. – 2024. – № 4. – С. 72-82.

17 **Бегалиева, С. Б., Шмакова, Е. С.** Применение корпусных методик в обучении иностранных студентов русскому языку и литературе [Текст] // Известия КазУМО и МЯ имени Абылай хана, Серия Педагогика и психология. – 2022. – № 2. – С. 216-225.

References

1 **Freidson, O. A., Verezubova, E. E.** Korpusnie metodi v issledovaniyah i izuchenii/prepodavanii francuzskogo yazika [Corpus methods in research and learning-teaching of the French language] [Text]. In Litera. – 2023. – No. 2. – P. 22–33.

2 **Lewis, M.** [Implementing the lexical approach : Putting theory into practice] [Text]. – Boston, Mass. : Thomson-Heinle, 1997. – 221 p.

3 **Salazar, D.** [Lexical bundles in native and non-native scientific writing: Applying a corpus-based study to language teaching] [Text]. – Amsterdam, Philadelphia : John Benjamins Publishing, 2019. – 212 p.

4 **Scott, M., Tribble, C.** [Textual patterns : Key words and corpus analysis in language education] [Text]. – Amsterdam, Philadelphia : John Benjamins Publishing, 2016. – 200 p.

5 **Plungyan, V. A.** Korpus kak instrument i kak ideologiya_ o nekotorih urokah sovremennoi korpusnoi lingvistiki [Corpus as a tool and as an ideology : About some lessons of modern corpus linguistics] [Text] // In Russian Language in Scientific Coverage. – 2008. – No. 2(16). – P. 7–20.

6 **Plungyan, V. A.** Why modern linguistics should be corpus linguistics [Electronic resource]. – URL : http://filolingvia.com/publ/pochemu_sovremennaja_lingvistika_dolzhna_byt_lingvistikoj_korpusov/70-1-0-5251 (Accessed : 16.09.2021).

7 **Auzéau, F., Abiab, L.** [Le corpus : Un outil inductif pour l'enseignement-apprentissage de la grammaire] [Text] // In Synergies France. – 2018. – No. 12. – P. 175–187.

8 **Johns, T.** [Should you be persuaded: Two samples of data-driven learning materials] [Text]. In Classroom Concordancing : ELR Journal. – 1991. – Vol. 4. – P. 1–16.

9 **Bernardini, S.** [Corpora in the classroom : An overview and some reflections on future developments] [Text] // In Sinclair, J. McH. (Ed.) How to Use Corpora in Language Teaching. – Amsterdam, Philadelphia : John Benjamins Publishing, 2004. – 307 p.

10 **Azimov, E. G., Shchukin, A. N.** Slovar metodicheskih terminov_ Teoriya i praktika prepodavaniya yazikov [Dictionary of methodological terms : Theory and practice of teaching languages] [Text]. – St. Petersburg : Zlatoust, 1999. – 472 p.

11 **Arutyunov, A. R.** Teoriya i praktika sozdaniya uchebnika russkogo yazika dlya inostrancev [Theory and practice of creating a Russian language textbook for foreigners] [Text]. – Moscow : Russian Language Publishing, 1990. – 166 p.

12 **Leontiev, A. A.** Yazik_ rech_ rechevaya deyatelnost [Language, speech, speech activity] [Text]. – Moscow : Education Publishing, 1969. – 168 p.

13 **Turaeva, Z. Ya.** Lingvistika teksta [Linguistics of text] [Text]. – Moscow : Education Publishing, 1986. – 126 p.

14 **Sinclair, J.** [The search for units of meaning] [Text] // In Textus. – 1996. – No. 9 (1). – P. 75–106.

15 **Zakharov, V. P., Khokhlova, M. V.** Analiz effektivnosti statisticheskih metodov viyavleniya kollokacii v tekstah na russkom yazike [Analysis of the effectiveness of statistical methods for identifying collocations in texts in Russian] [Text] // In Computer Linguistics and Intellectual Technologies. – Moscow : RSUH, 2010. – Vol. 9 (16). – P. 137–142.

16 **Temirgalieva, S. E., Usina, Zh. A., Saitbekov, N. D., Salieva, A. Zh., Aiguzhinova, G. Z.** IT v obrazovanii_ innovacii_ kotorie menyayut uchebnii process [IT in education: Innovations that transform the learning process] [Text] // In Bulletin of Toraygirov University, Pedagogical Series. – 2024. – No. 4. – P. 72–82.

17 **Begalieva, S. B., SHmakova, E. S.** Primenenie korpusnyh metodik v obuchenii inostrannyh studentov russkomu yazyku i literature [Application of corpus-based methods in teaching Russian language and literature to foreign students] [Text] // Izvestiya KazUMO I MYA imeni Abylaj hana, Seriya Pedagogika i psihologiya. – 2022. – No. 2. – P. 216-225.

28.02.25 ж. баспаға түсті.
18.04.25 ж. түзетулерімен түсті.
11.07.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**С. Қ. Омарова[1,6], Ж. М. Искакова[2,6], А. А. Орманова[3,6],*
Б. Ж. Абильмажинова[4], Ж. Қ. Ербатырова[5]
[1,2,3,5]Национальный научно-практический центра
«Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова,
Республика Казахстан, г. Астана;
[4]Кокшетауский университет имени А. Мырзахметова,
Республика Казахстан, г. Кокшетау;
[6]Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Поступило в редакцию 28.02.25.
Поступило с исправлениями 18.04.25.
Принято в печать 11.07.25.

КОРПУСНЫЙ МЕТОД ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

В статье описаны способы использования базы данных «Пять субкорпусов национального корпуса казахского языка» (https://best.qazcorpora.kz/) при обучении казахскому языку. Описывается актуальность использования богатого языкового ресурса корпуса в обучении казахскому языку. Анализируются функциональные и дидактические преимущества корпусного метода - как одного из видов лингводидактических методов, позволяющих освоению и обучению казахского языка на основе использования баз данных текстов различных типов и стилей.

В статье раскрывается проблема обучения медиаязыковым материалам, то есть публицистическим текстам, на основе корпусных методов.

Доказана эффективность корпусного метода при изучении слов, словосочетаний и предложений, текста, а также специфика создания тематического списка ключевых слов, в котором показаны различные комбинационные контексты определенного слова.

Кроме того, представлены эффективность и возможности корпусного метода в обучении словосочетаниям. Изучаются способы эффективного использования оцифрованных текстов в дидактических целях, косвенное лингвокультурное влияние аутичных материалов на изучающего язык.

В процессе изучения контекста на казахском языке подробно описывается проблема совершенствования лингвокультурологического понимания изучающих язык, расширения мировоззрения казахского мышления, формирования коммуникативных умений и корпусных компетенций. Умение эффективно использовать корпусные методы на уроках казахского языка рассматривается как рациональная сторона решения ряда методических задач.

Ключевые слова: корпусный метод, лингводидактика, слово, коллокация, текст

**S. K. Omarova[1,6], Zh. M. Iskakova[2,6],*
A. A. Ormanova[3], B. Zh. Abilmazhinova[4], Zh. K. Yerbatyrova[5]
[1,2,3,5]National Scientific and Practical Center
«Til-Kazyna» named after Sh. Shayakhmetov,
Republic of Kazakhstan, Astana;

[4]Kokshetau University named after A. Myrzakhmetov,
Republic of Kazakhstan, Kokshetau;
[6]Kazakh National University named after al-Farabi,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Received 28.02.25.
Received in revised form 18.04.25.
Accepted for publication 11.07.25.

CORPUS METHOD OF TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE

The article describes the ways of using the database «Five subcorps of the National Kazakh Language Corps» (https://best .qazcorpora.kz/) when teaching the Kazakh language. The relevance of using the rich language resource of the corpus in teaching the Kazakh language is described. The functional and didactic advantages of the corpus method are analyzed as one of the types of linguistic and didactic methods that allow the development and teaching of the Kazakh language based on the use of databases of texts of various types and styles.

The article reveals the problem of teaching media-linguistic materials, that is, journalistic texts, based on corpus methods. The effectiveness of the corpus method in the study of words, phrases and sentences, text, as well as the specifics of creating a thematic list of keywords, which shows various combinational contexts of a particular word, is proved. The article examines ways to effectively use digitized texts for didactic purposes, as well as the indirect linguistic and cultural impact of autistic materials on language learners.

In the process of studying the context in the Kazakh language, the problem of improving the linguistic and cultural understanding of language learners, expanding the worldview of Kazakh thinking, and forming communicative skills and corpus competencies is described in detail. The ability to effectively use corpus methods in Kazakh language lessons is considered as the rational side of solving a number of methodological problems.

In addition, the effectiveness and possibilities of the corpus method in teaching phrases are presented.

Keywords: corpus method, linguodidactics, word, collocation, text